

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 және 1999 жылғы 10 мамырдағы N 556 қаулыларына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 қазандағы N 1015 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының " Лицензиялау туралы " 1995 жылғы 17 сәуірдегі және " Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2003 жылғы 7 сәуірдегі Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне , лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың ( лицензиярлардың) тізбесінде:

реттік нөмірі 5-жолдың 3-бағаны мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

" мұнай өнімдерін өндіру ";

көрсетілген қаулымен бекітілген Санитарлық, экологиялық және тау-кен техникалық қадағалау органдарының, сондай-ақ мемәнергияқадағалау органының қорытындысы қажет лицензияланатын жұмыстар мен қызметтер түрлерінің тізімінде:

"Санитарлық қадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензияланатын жұмыстар мен қызметтер түрлерінің тізімі" деген I бөлім мынадай мазмұндағы 26-тармақпен толықтырылсын:

"26. Мұнай өнімдерін өндіру.";

"Экологиялық қадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензиялайтын жұмыстар мен қызмет түрлерінің тізімі" деген II бөлім мынадай мазмұндағы 22-

тармақпен

толықтырылсын:

"22. Мұнай өнімдерін өндіру.";

"Тау-кен техникалық қадағалау қорытындысы қажет, лицензиялайтын жұмыстар мен қызмет түрлерінің тізімі" деген III бөлім мынадай мазмұндағы 10-

тармақпен

толықтырылсын:

"10. Мұнай өнімдерін өндіру.";

2) күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.28. N 1311 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күн мерзім өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*